

Бекітемін: 
«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасының
құрылтайшысы М.Х.Жайсултанов

2023-2024 оқу жылының педагогикалық кеңес кестесі.

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылы-білімге апарар жол» 1. Жаңа оқу жылындағы 2023-2024 әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру 2. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарын талдау 3. 3.Бекіту: «Алтын ұя» жеке бөбекжай - бақшасының жылдық жоспары -Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Бойынша базистік және барлық ҰОҚ-нің кестесін құру, перспективалық жоспарларын талқылау, бекіту. №1 Педкеңестің шешімі, №2 Пед кеңеске тапсырма	қыркүйек	Құрылтайшы Әдіскер
2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен бірлескен қызметті жандандыру» 1.«Ата-анамен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері» Едресова.А.Н 2.«Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылдарын арттыру жолдары» Сүндетова.А.Д 3.«Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдісі» жұмыс тәжірибесінен Шналиева.Н.С 4. «Отбасылармен бірлескен іс-әрекет бойынша сауалнамалардың жұмыс қорытындысы» Мусағалиева.Г.У 5. Бастапқы мониторинг қорытындысы (әдіскер) Мусағалиева.Г.У 6. №2 Педкеңестің шешімі, №3 Педкеңеске тапсырма	қараша	Құрылтайшы Әдіскер тәрбиешілер

3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту» 1. «Балалардың қиялы қанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбындағы көрме 2. «Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту» (фелтинг технологиясы бойынша) 3. «Сиқырлы фелтинг» ұмыт қалған қол өнерге оралу» 4. «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы, міндеттері және жұмыс бағыттары» 5. Тақырыптық бақылаудың қорытындылары: «Заттық-дамытушылық ортаны бағалау, осы бағыт бойынша пед процесс ұйымдастыру үшін жағдайлар, түрлі құралдар болуы» (әдіскер). 6. Аралық мониторинг қорытындысы (әдіскер). №3 Педкеңестің шешімі, №4 Педкеңескестің шешімі	ақпан	Құрылтайшы Әдіскер тәрбиешілер Едресова.А.Н Сүндетова.А.Д Шналиева.Н.С усағалиева.Г.У
4	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Шығармашыл педагогтың шығармашылығы көп» 1. 2023-2024 оқу жылындағы жылдық тапсырманың орындалуы. 2. «Біздің жетістігіміз» тәрбиешілер жылдық қорытынды есебі 3. Индикатор жүйесі негізінде балалардың құзыреттілік деңгейі 4. Жаңа оқу жылы бойынша аттестациядан өтуші педагогтердің құрамымен таныстыру 5. Жазғы демалысты ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру 6. №5 педагогикалық кеңестің шешімі	мамыр	Құрылтайшы Әдіскер тәрбиешілер

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы.
№1 педагогикалық кеңес хаттамасы**

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2023–2024 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»

Өткізілген күні: 29 тамыз 2023 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың топ бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: құрылтайшы М.Х.Жайсултанов

Хатшы: А.Н.Едресова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. **2023–2024 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы**
Баяндамашы: құрылтайшы М.Х.Жайсултанов
2. **Білім беру қызметкерлерінің республикалық, облыстық, аудандық тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру**
Баяндамашы: әдіскер Г.У.Мусағалиева
3. **Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.**
Баяндамашы: әдіскер Г.У.Мусағалиева
4. **2023–2024 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:**
 - Жылдық мақсаттар мен міндеттер
 - Оқу жоспары
 - Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Топтардағы күн тәртібі*Баяндамашы: әдіскер әдіскер Г.У.Мусағалиева*
5. **Аттестациядан өтетін педагогтерді анықтау және бекіту.**
Баяндамашы: құрылтайшы М.Х.Жайсултанов
6. **Педагогикалық тренинг: «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс».**
Өткізгендер: әдіскер Г.У.Мусағалиева

ТЫҢДАЛДЫ:


1. Құрылтайшы: М.Х.Жайсултанов жаңа оқу жылының негізгі мақсаттарымен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарын айқындап берді.
2. Әдіскер: Г.У.Мусағалиева білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің мазмұнын қысқаша шолып, онда көтерілген басты мәселелермен ұсыныстарды ортаға салды.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігімен денсаулығына оң әсері атап өтілді.
4. Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:
 - Жылдық жоспар
 - Оқу жоспарлары
 - ҰІӘ кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Күн тәртібі
5. 2023–2024 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі жасақталып, бекітілді.

6. «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықты әрі пайдалы түрде өтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтық жұмыстар, жеке рефлексиялар арқылы өз даму жоспарын жасады.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. 2023–2024 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлданын.
2. Тамыз кеңесінің ұсыныстары негізінде педагогтердің жұмыс жоспарына тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын.
4. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.
5. Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін, жеке даму жоспарларын жасау тапсырылсын.
6. Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әр тоқсанда өткізу ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы



М.Х.Жайсултанов

Хатшы:



А.Н.Едресова

**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 15 қараша 2023 жыл
Өткізілген орны: бөбекжайдың топ бөлмесі
Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым
Қатыспағандар: жоқ
Төрайымы: құрылтайшы М.Х.Жайсултанов
Хатшы: Едресова.А.Н

Күн тәртібі:

«Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналармен бірлескен қызметті жандандыру»

1.«Ата-анамен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері»

Едресова.А.Н

2.«Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылдарын арттыру жолдары»

Сүндетова.А.Д

3.«Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдісі» жұмыс тәжірибесінен
Шналиева.Н.С

4. «Отбасылармен бірлескен іс-әрекет бойынша сауалнамалардың жұмыс қорытындысы» Мусағалиева.Г.У

5. №2 Педкеңестің шешімі,

№3 Педкеңеске тапсырма

I мәселе бойынша

Тыңдалды: Едресова А.Н. Баяндамашы ата-анамен жүргізілетін жұмыстың негізгі бағыттарына тоқталды. Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі маңызы ерекше екендігін атап өтті.

Ата-анамен жүргізілетін негізгі жұмыс түрлері ретінде:

- ата-аналар жиналысы;
- жеке және топтық кеңестер;
- сауалнамалар жүргізу;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер;
- мерекелік және спорттық шаралар;
- шеберлік сағаттары;
- көрмелер;
- ашық есік күндері;
- тренингтер;
- ақпараттық бұрыштар;
- әлеуметтік желілер арқылы байланыс жасау жұмыстары таныстырылды.

Баяндамашы ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру бала дамуына оң ықпал ететіндігін айтты.

Сөйледі: Әдіскер ата-аналарды балабақша өміріне тұрақты қатыстырудың маңыздылығын айтып, педагогтерге отбасы сұранысына сай жұмыстарды ұйымдастыруды ұсынды.

II мәселе бойынша

Тындалды:

Сүндетова А.Д. Баяндамашы тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара іс-қимылды арттыру жолдары туралы баяндама жасады.

Негізгі ұсыныстар:

- ата-аналар клубын ұйымдастыру;
- бірлескен шығармашылық жобалар;
- отбасылық мерекелер өткізу;
- ұлттық салт-дәстүрге негізделген тәрбиелік іс-шаралар;
- қайырымдылық акциялары;
- спорттық жарыстар;
- ата-аналардың қызығушылықтарына қарай жұмыстар жүргізу. Сонымен қатар педагог пен ата-ана арасындағы өзара сенім баланың жан-жақты дамуына негіз болатыны атап өтілді.

Сөйледі: Тәрбиешілер ұсынылған жұмыс түрлерін тәжірибеде қолдану қажеттігін айтып, әр топта ата-аналармен жұмыс жоспарын жаңартуды ұсынды.

III мәселе бойынша

Тындалды:

Шналиева Н.С. «Ата-аналармен өзара тиімді жұмыстар атқару әдісі» тақырыбында жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Өз тәжірибесінде қолданылатын тиімді әдістер:

- «Шығармашылық отбасы» жобасы;
- «Отбасылық шеберлік сағаты»;
- бірлескен қолөнер көрмелері;
- фотоколлаждар ұйымдастыру;
- WhatsApp топтары арқылы күнделікті кері байланыс;
- ата-аналар пікір алмасу алаңы;
- «Бір күн тәрбиешімен бірге» іс-шарасы.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың белсенділігі артып, балалардың қызығушылығы мен тәрбиесіне оң әсер еткені айтылды.

Сөйледі: Педагогтер тәжірибені барлық топтарда енгізу жөнінде ұсыныс білдірді.

IV мәселе бойынша

Тындалды:

Мусагалиева Г.У. Отбасылармен бірлескен іс-әрекет бойынша жүргізілген сауалнама нәтижелерін таныстырды.

Сауалнама қорытындысы бойынша:

- ата-аналардың басым бөлігі балабақша жұмысына қанағаттанатындығы анықталды;

- педагогтердің кәсіби жұмысына оң баға берілген;
- ата-аналардың көбі бірлескен мерекелер мен шығармашылық іс-шараларға қатысуға дайын екендіктерін білдірген;
- кейбір ата-аналар ақпарат алмасуды күшейту және шеберлік сабақтарын көбейту туралы ұсыныс жасаған.

Қорытындысында ата-аналармен жұмысты одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар берілді.

Сөйледі: Меңгеруші сауалнама нәтижелерін ескере отырып, ата-аналармен жұмыстың жаңа формаларын енгізуді тапсырды.

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Ата-аналармен жұмысты жылдық жоспарға сәйкес жүйелі ұйымдастыру жалғастырылсын.
2. Педагогтер ата-аналармен ынтымақтастықтың заманауи әдістерін тұрақты қолданып отырсын.
3. Әр топта ата-аналар клубының жұмысы ұйымдастырылсын.
4. Ашық есік күндері, шеберлік сағаттары және бірлескен мерекелік іс-шаралар жүйелі өткізілсін.
5. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында кеңестер, семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылсын.
6. Сауалнама нәтижесінде берілген ұсыныстар оқу-тәрбие жұмысына енгізілсін.
7. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың тиімділігіне әдістемелік бақылау жүргізілсін.
8. Педагогтердің ата-аналармен жүргізген жұмыстары тоқсан сайын талданып

Педагогикалық кеңес төрайымы: _____

Хатшы: _____

«АЛТЫН ҰЯ» ЖЕКЕ БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ №3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 15 ақпан 2024 ж.

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: М.Х.Жайсултанов

Хатшы: Едресова.А.Н

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін жан-жақты дамыту»

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Балалардың қиялына қанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбындағы көрме – **Едресова А.Н.**
2. «Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту» (фелтинг технологиясы бойынша) – **Сүндетова А.Д.**
3. «Сиқырлы фелтинг – ұмыт қалған қолөнерге оралу» (іс-тәжірибеден) – **Шналиева Н.С.**
4. «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы, міндеттері және жұмыс бағыттары» – **Мусагалиева Г.У.**
5. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау.

I мәселе бойынша

Тыңдалды: Едресова А.Н.

Баяндамашы «Балалардың қиялына қанат бітірген, ұмытылған бұйымға жан бітірген» тақырыбында ұйымдастырылған көрмені таныстырды.

Көрмеге педагогтер мен тәрбиеленушілердің бірлескен жұмыстары ұсынылды. Қолданылған материалдар қатарында табиғи және тұрмыстық қалдықтар, жүн, қағаз, мата қиындылары, ағаш бұйымдары және ұлттық қолөнер элементтері болды.

Көрменің мақсаты:

- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- қиялын, эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- экологиялық мәдениетін тәрбиелеу;
- қайта өңделетін материалдарды тиімді пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Көрме қорытындысында балалардың қызығушылығы жоғары болғаны, ата-аналардың да белсенділік танытқаны айтылды.

Сөйледі: Әдіскер көрменің тәрбиелік мәніне тоқталып, мұндай жұмыстарды тұрақты ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

II мәселе бойынша

Тыңдалды: Сүндетова А.Д. «Ертегілер арқылы балалар шығармашылығын дамыту» тақырыбында фелтинг технологиясын пайдалану тәжірибесі ұсынылды.

Баяндамашы ертегі кейіпкерлерін жүннен жасау барысында балалардың:

- сөйлеу тілінің;
- ұсақ қол моторикасының;
- қиялының;
- шығармашылық ойлауының;
- танымдық белсенділігінің дамитынын атап өтті.

Фелтинг технологиясы арқылы балалар өз қолымен ертегі кейіпкерлерін жасап, кейін оларды сахналауға қатыстырды.

Педагогтер ұйымдастырылған іс-әрекетке жоғары баға берді.

III мәселе бойынша

Тыңдалды: Шналиева Н.С. «Сиқырлы фелтинг – ұмыт қалған қолөнерге оралу» тақырыбында жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

Баяндамашы:

- фелтингтің шығу тарихына;
- қазақ халқының жүн өңдеу дәстүріне;
- балалармен жұмыс жүргізу әдістеріне;
- қауіпсіздік ережелеріне;
- шығармашылық жұмыстарды ұйымдастыру жолдарына тоқталды.

Іс-тәжірибеде балалардың жүннен ойыншықтар, гүлдер, шағын сәндік бұйымдар жасаған бейнематериалдары мен фотосуреттері көрсетілді.

Жұмыс барысында балалардың шығармашылық белсенділігі мен өздігінен жұмыс жасау дағдыларының артқаны айтылды.

Сөйледі:

Педагогтер тәжірибені барлық топтарда кезең-кезеңімен енгізу жөнінде ұсыныс білдірді.

IV мәселе бойынша

Тыңдалды:

Мусагалиева Г.У. «Мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту жүйесінің ағымдағы жағдайы, міндеттері және жұмыс бағыттары» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында:

- мектепке дейінгі ұйымдардың алдына қойылған негізгі міндеттер;
- мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары;
- тәрбиелеу-білім беру процесіндегі жаңашыл бағыттар;
- бала тұлғасын жан-жақты дамыту;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу;
- шығармашылық қабілеттерді дамыту;
- қауіпсіз әрі дамытушы орта қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар педагогтердің кәсіби дамуы мен заманауи педагогикалық технологияларды қолданудың маңыздылығы айтылды.

Сөйледі:

Балабақша меңгерушісі барлық педагогтердің шығармашылық жұмыстарын жандандыру, тәжірибе алмасу жұмыстарын көбейту және жаңа технологияларды тиімді қолдану қажеттігін атап өтті.

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында көрме, байқау және шығармашылық жобалар тұрақты ұйымдастырылсын.
2. Фелтинг технологиясын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде тиімді пайдалану тәжірибесі барлық педагогтерге ұсынылсын.
3. Ертегілерді пайдалану арқылы балалардың шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту жұмыстары жүйелі жүргізілсін.
4. Ұлттық қолөнер элементтерін оқу-тәрбие процесіне енгізу жалғастырылсын.
5. Әр топта шығармашылық орталықтардың мазмұны толықтырылсын.
6. Педагогтердің инновациялық технологияларды қолдану тәжірибесі әдістемелік кеңестерде таратылсын.
7. Балалардың шығармашылық жетістіктері бойынша көрмелер мен ата-аналар қатысатын іс-шаралар ұйымдастырылсын.
8. Мемлекеттік стандарт талаптарының орындалуына әдістемелік бақылау жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



Хатшы:



**«Алтын ұя» жеке бөбекжай-бақшасы
№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: «20» мамыр 2024 ж.

Өткізілген орны: Әдістемелік кабинет

Тақырыбы: «Шығармашыл педагогтың шығар биігі көп»

Төрайымы: М.Х.Жайсултанов.

Хатшысы: Едресова.А.Н

Қатысқандар: барлық педагог

Қатыспағандар: Жок

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023–2024 оқу жылындағы жылдық міндеттердің орындалуы.
2. «Біздің жетістігіміз» – тәрбиешілердің жылдық қорытынды есебі.
3. Индикатор жүйесі негізінде балалардың құзыреттілік деңгейінің қорытындысы.
4. Жаңа оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтердің құрамымен таныстыру.
5. Жазғы сауықтыру және демалыс кезеңін ұйымдастыру жоспары.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер 2023–2024 оқу жылына қойылған жылдық міндеттердің орындалуы туралы толық есеп берді. Жыл бойында ұйымдастырылған оқу қызметтері мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес жүргізілгені айтылды. Педагогтер ашық оқу қызметтерін, семинарлар, шеберлік сағаттары мен түрлі іс-шараларды ұйымдастырып, кәсіби шеберліктерін арттырғаны атап өтілді. Балалардың танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілгені баяндалды.

Сөйледі:

Педагогтер өз ұсыныстарын айтып, келесі оқу жылында жаңа технологияларды тиімді қолдану, ата-анамен байланысты күшейту қажеттігін жеткізді.

Қаулы:

* 2023–2024 оқу жылындағы жылдық жоспардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

* Келесі оқу жылында анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты жұмыстар жүргізілсін.

2-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Барлық топ тәрбиешілері «Біздің жетістігіміз» тақырыбында жылдық қорытынды есептерін ұсынды. Есеп барысында оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері, балалардың жетістіктері, байқаулардағы марапаттары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар және топтардың даму көрсеткіштері таныстырылды.

Сөйледі:

Меңгеруші тәрбиешілердің шығармашылық ізденістеріне жоғары баға беріп, белсенді педагогтерді марапаттауды ұсынды.

Қаулы:

- * Тәрбиешілердің жылдық есептері қабылдансын.
- * Белсенді педагогтердің жұмыстары тәжірибе ретінде таратылсын.
- * Келесі оқу жылында инновациялық жұмыстар жалғастырылсын.

3-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер индикаторлық мониторинг қорытындысын таныстырды. Мониторинг нәтижесінде балалардың дене дамуы, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары бойынша құзыреттілік деңгейлері талданды. Балалардың басым бөлігі күтілетін нәтижелерге толық қол жеткізгені айтылды. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке дамыту жұмыстары жалғасатыны атап өтілді.

Қаулы:

- * Мониторинг нәтижесі назарға алынсын.
- * Төмен көрсеткіш көрсеткен тәрбиеленушілерге жеке дамыту жұмыстары ұйымдастырылсын.
- * Жаңа оқу жылында мониторинг нәтижелері оқу-тәрбие жұмысын жоспарлауда басшылыққа алынсын.

4-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Меңгеруші жаңа 2024–2025 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтердің тізімімен таныстырды. Аттестация талаптары, қажетті құжаттар, электрондық портфолио дайындау және мерзімдері түсіндірілді.

Қаулы:

- * Аттестациядан өтетін педагогтердің құрамы бекітілсін.
- * Құжаттарды белгіленген мерзімде толық әзірлеу қамтамасыз етілсін.
- * Әдіскер тарапынан тұрақты әдістемелік көмек көрсетілсін.

5-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША

Тыңдалды:

Әдіскер жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын таныстырды. Балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау, таза ауадағы ойындар, спорттық жарыстар, су ойындары, экологиялық тәрбие, шығармашылық жұмыстар және мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылатыны айтылды.

Қаулы:

- * Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.
- * Барлық іс-шаралар қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастырылсын.
- * Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау тұрақты бақылауда болсын.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ШЕШІМІ

1. 2023–2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Тәрбиешілердің жылдық есептері қабылданып, озық тәжірибелері таратылсын.
3. Балалардың құзыреттілік деңгейі бойынша мониторинг қорытындысы жаңа оқу жылын жоспарлауда негізге алынсын.
4. Аттестациядан өтетін педагогтердің құжаттары уақытылы дайындалсын.
5. Жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітіліп, толық орындалуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы:



Хатшысы:

